

Республикалық меншіктің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 15 шілдедегі № 516 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітіп берілген республикалық мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен "Бурабай даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен (келісім бойынша) бірлесіп осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 15 шілдедегі
№ 516 қаулысына
қосымша

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" мемлекеттік мекемесінің теңгерімінен "Бурабай даму" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына берілетін республикалық мүліктің тізбесі

Р/с №	Мүліктің атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Түгендеу нөмірі
1	2	3	4	5
"Щучье көлінен "Ракушка" тамашалау алаңына дейін велосипед, жаяу жүргіншілер жолдарын сала отырып туристік маршруттарды абаттандыру" объектісі				
1.	Велосипед жолдарын жарықтандыру желісін электрмен жабдықтау , соның ішінде:			
1.1	Велосипед жолдарын жарықтандыру желісін электрмен жабдықтау	км	12,082	234001000371
1.2	ДН-330015 тірегі бар сыртқы жарықтандыру шамдары	дана	321	233001000552 – 233001000872

1.3	ШУНО 0,4/100У1 сыртқы жарықтандыруды басқару шкафы	дана	5	236009010429 – 236009010433
2.	10 кВ электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері, соның ішінде:			
2.1	ПКУ-10 (Коммерциялық есепке алу пункті)	д а н а	1	236009010434
2.2	Электрондық үш фазалы есептегіш	дана	1	236009010435
3.	Велосипед және жаяу жүргіншілер жолдары	км	14,646	233001000550
4.	Металл төсемдер, ағаш төсемдер, көпірлер, қатар қолданылатын төсем	км	2 185,1	233001000551

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК